



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Валюта нарығы туралы ақпараттық хабарлама

Астана қ.

2026 жылғы 3 тамыз

Шілде айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1 АҚШ доллары үшін 473,81 теңгеге дейін 1,3%-ға нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі бір айда 369 млн АҚШ долларынан 389 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 8,6 млрд АҚШ долларын құрады.

Биржа нарығында Ұлттық қордан сатылған валюта көлемі шілде айында 200 млн АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордан сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 2,3%-ын немесе күніне шамамен 9 млн АҚШ долларын құрады.

Сонымен қатар, республикалық бюджетке трансферттер бөлу мақсатында Ұлттық Банк шілде айында Ұлттық қордан 500 млн АҚШ долларын сатып алды, олар Ұлттық қормен операцияларды теңестіру шеңберінде ішкі валюта нарығында 2026 жылдың соңына дейін біркелкі сатылатын болады.

Тамыз айында Ұлттық Банктің биржа нарығында Ұлттық қордан валюта сату көлемі 200 млн АҚШ долларынан бастап 300 млн АҚШ долларына дейінгі көлемді құрайды.

Шілде айында теңестіру операциялары шеңберінде шамамен 374 млрд теңге алынды. Тамыз бойы осы мақсатта 374 млрд теңге баламасында валюта сату күтілуде.

Ұлттық Банк Ұлттық қор қаражатымен операциялар жүргізу кезінде, сондай-ақ теңестіру тетігін іске асыру барысында нарықтық бейтараптық қағидатын сақтайды.

Ұлттық Банк шілде айында валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.

Өткен айдың қорытындысы бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімінің бір бөлігін міндетті түрде сату нормасы шеңберінде валюталық түсімді сату көлемі шамамен 195 млн АҚШ долларын құрады. Бұл норманың қолданылуы 2026 жылғы 15 шілдеден бастап тоқтатылды.

Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұстап тұру мақсатында шілде айында биржадағы сауда-саттықта жалпы сомасы 375 млн АҚШ долларын немесе жалпы сауда-саттық көлемінің шамамен 4,4%-ын құраған шетел валютасын сатып алды. Алдағы шешімдер зейнетақы активтерін инвестициялық басқару шеңберінде нарықтағы ахуалды ескере отырып қабылданады.

Ұлттық Банк транспаренттілік қағидаты аясында валюта нарығындағы барлық операция туралы ақпаратты алдағы уақытта да толық жариялап отырады. Қысқа мерзімді келешекте теңге бағамының динамикасы нарыққа қатысушылардың күтулеріне, тоқсандық салық төлемдеріне, әлемдік нарықтардағы ахуал мен геосаяси жағдайдың өзгеруіне байланысты қалыптасады. Ұлттық Банк қаржылық теңгерімсіздікке жол бермейтін және алтын-валюта резервтерінің сақталуын қамтамасыз ететін икемді бағам белгілеу режимін ұстануды жалғастырады.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz